

Жұлдыз

Жүсіпбек Аймауытұлы
ТАУ ЕЛІНДЕГІ ОҚИҒА

Зейнолла Тілеужанұлы
ҚАРАКЕРЕЙ ҚАБАНБАЙ

Табылды Досымов
ҚОЛ БҰЛҒАЙДЫ
АТЫРАУ МАҒАН...

8
2015



ТҮСІМДЕ КӨРГЕН КІТАП НЕМЕСЕ ТҰҒЫР ТУЫНДЫ ӘНГІМЕ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕ

«Доңыз жылғы балалық». Он үш томдық шығармалар жинағының құрамына енгізілген бір топ әңгіме осы жүлгемен ұсынылған. Тақырыптарын тізейік: «Оң мен сол», «Пүркоралдың көк аты», «Қант пен ірімшік», «Құлаққа талас», «Климмен күрес», «Абақтыда өлген Уан атам», «Тассудан өткен қашқындар», «Әскержанның ағасы», «Ең әділ сайлау», «Гимн», «Шығырық», «Әбдіғалпар сері», «Ақжалға кеткен Сейіттің баласы». Дені таныс. Мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған. Қызығып, тұщынып, аузымыздан суымыз ағып оқығанбыз... Мұңайып, күйзеліп, ет жүрегіміз езіліп оқығанбыз... Жылап, еңіреп, көзімізден жас емес-ау, қан сорғалап тұрып оқығанбыз...

Жоғарыда көгендеп шыққан кез келген туындыны есіңізге оп-оңай түсіріп, әр оқиғаны көз алдыңызға жай ғана елестете алмайсыз. Тіпті, мүмкін емес! Қорғасындай салмақты, нілдей мөлдір, алмастай өткір, күмбездей зәулім, періштедей пәк, удай ащы – бейнелеп жеткізсек, бұл әңгімелердің алтын тіні, қызыл өзегі, міне осындай. Әңгіме жанрының хас зергері Мұхтар Мағауиннің қарымын бұрынғыдан да қуатты, тынысының бұрынғыдан да кең екенін көрсететін дүниелердің қай-қайсысын да қылқалам шеберінің картинасындай елестетесіз. Ол полотноларды тақырыбына орай түрліше атауға болар еді. Алыста қалған балдәурен шақтың бояулары, сарғайған жылдардың сағыныштары, қасіретті кезеңнің қайғылы көріністері, ұмытылмас уақыттың жаңғырықтары, естен кетпес күндердің елестері – бәрі-бәрі сиқыр сөзбен өрнектелген.

Бала көңілі – кіршіксіз, сәби сезімі – сыршыл, балауса қиялы – қанатты, жеткіншек жүрегі – жұмсақ. Бәрін де қаз-қалпында көріп, сол күйінде қабылдайды. Кезекті шоғырға енген әңгімелердің сыршылдығы мен шынайылығы қилы-қилы күйге бөлейді. Соғыстан соңғы ауыл суреттері жалаң баяндалмай, типтік образдар арқылы өте нанымды кейіптелуі жан-жүрегіңді бөлекше толқытары сөзсіз. Қай шығармада болсын, қандай оқиғаны тілге тиек етпесін автордың протатипі іспетті – ерте есейген қыр баласының тікелей араласуымен өтетін эпизодтар жүрек қылын тербейді, сезім пернесін қозғайды.

Мәселен, жазушының бар-жоғы екі жарым беттік «Оң мен сол» атты шыр-шымыр әңгімесі сағымға айналған балалық шағыңа оралтады. Ойынға тоймаған, қызыққа тоймаған алаңсыз күндеріңді сағынышпен еске түсіресіз. Апыл-тапыл басқан кез келген баланың басынан өткен жай. Көпке шейін оң аяғың мен сол аяғыңды дұрыс ажыратып кие алмайтын кішкентайлардың әрекеті еріксіз мырсылдатады. Қыс кезінде аппақ қардың бетіне аяқ киіміңнің табанын қатар қойып таңбалап, мөрлейтін сүйкімді өрімталдың қылығы ерекше қызықтырады. Бәріміздің басымыздан кешкен кеп. Бірақ, көп қаламгерлердің қиығына ілінбеген мөп-мөлдір сурет. Сарабал суреткер алақандай әңгіменің күрмеуін өзінше түйеді. Сөзуарлыққа салынбай, баяндауға ұрынбай, кесекті пікірін келте қайырады. Көкжиегіне көз жетпес кеңістікті – кеше мен бүгіннің, балалық пен байсалды шақтың арасын оймақтай оймен жалғап, парасатты

пікірмен шегелейді.

«...Оң жақ қайсы, сол жақ қайсы, ұмсынар бағыт, ұмтылар меже қайда, не болды, не болмақ – бірден ажырата алмай, ойланып қалатын жағдайлар әлі де кездеседі. Қарға басып тексерейін десең, ізі жоқ. Қиналасың, толғанасың, содан соң... қолыңа қалам аласың. Жаңағы күмәнді, бұлдыр, ауыр ой шынжырша созылып, қағаз бетінде өрнектеле бастайды. Күмән сейіледі, тұман айығады, жарқырап күн шығады. Әлем толқына құбылып, бар бедер-бетісімен алдыңа тартылады. Із деген осы. Өткен өміріңнің, қазіргі тірлігіңнің, болашақ бағдарының суреті. Өзісің, өз суретін ғана емес, ата-баба рухы, бүгінгі әулет тынысы, келешек ұрпақ мұраты – бүкіл тарих таңбасы. Өзің ғана көрмейсің, бүкіл ел көреді. Оқиды, таниды. Оң қайсы, сол қайсы, екі аяқты қалай тең басу керек, қайда барамыз, неге ұмтыламыз, ақырғы мұрат не – соның бәрі бейнеленген. Қарға емес, қағаз бетіне түскен, тасқа басылған, мәңгіге бедерленген, жел де, боран да, тасқын мен сел де өшіре, жоғалта алмайтын, балаңның баласынан өтіп, шөпшектің туажатына жететін үлгі. Мың жасар ұрпаққа қалдырған өсиет». Шындығында тосын шешім. Мәні зор,салмағы зіл. Тек парықтай білейікші.

Ал «Қант пен ірімшік» әңгімесінде сұрапыл соғыс жылдарындағы ел басына түскен қиыншылық көріністері, жартылай ашқұрсақ ауыл балаларының ертеңгі күнге деген сенімі мен үміті әсерлі суреттеледі. «Климмен күрес» - бұла өскен періште шақтан қалған сағынштың сүле елесі. Жүрек шымырлатар жып-жылы дүние. Соғыс жылдарындағы ауыл балаларының әдеттегі бейкүнә тірлігінен там-тұмдап сыр шертетін әңгіменің мұңлы түйіні еріксіз ойлантады. «Құлаққа талас» этнографиялық әңгіменің тәлім-тәрбиесі, тағылымдық өнегесі көзге ұрып тұр. Оның бәрін ежіктеп, жіліктеп жатпай-ақ, әңгіме орайына қарай, жалғыз деректің төңірегінде бір ауыз сөз қыстырайын. Қазыналы қарттың, шежірелі шалдың қас-қабағын көріп өспеген ұрпақтың бүгінгі тұяқтарының дені салт-дәстүрден, әдет-ғұрыптан мақұрым. Кешегінің баласы құлаққа таласса, бүгінгінің мәңгүрттері, өздеріне әлпештеп ұсынған құлақтан үркіп, бат-аузын тыжырайтып жемейді. Өкінішті құбылыс.

Мұхтар қолтаңбасын айшықтай түскен «Абақтыда өлген Уан атам», «Әскержанның ағасы», «Тассудан өткен қашқындар», «Ең әділ сайлау», «Ақжалға кеткен Сейіттің баласы» рәуішті трагедиялы әңгімелері зобалаң жылдардың, қиын-қыстау кезеңнің, өткелекті өмірдің тар жол, тайғақ кешуінен хабардар етеді. Ел басына түскен ауыртпалықтың ащы шындығы, кеңестік жүйенің қатып-семген тәртібі мен өктем саясаты өзек болған осынау тағдырлы туындылардың айтары мол. Алып империяның іргесі іріп-шіріп, шаңырағы сықырлап, шайқала бастаған елең-алаң тұста жазылған әңгімелер есеңгіреген жұрттың еңсесін көтеріп, езілген рухтың отын маздатқаны аян. Жасыған жігерді жанып, мұқалған намысты қайрағаны және анық.

Қазақ әдебиетінің көркемдік өрісін кеңейтіп, көркемдік әлемін байытқан Мағауиннің осы кезеңде дүниеге келген әңгімелерінің жөн-жосығы айрықша ерек. Бұған әдебиет зерттеушілері әлсін-әлсін қайтып оралуы тиіс. Өйткені, тағы да қайталап, қадап ескертеріміз тәуелсіздік табалдырығында жазылған қадау-қадау әңгімелердің арасында Мұхаңның өткір, уытты әңгімелерінің орны мүлдем бөлек-ті. Тыңға түрен салғандай көрінр ғұмырлы әңгімелер талай жазармандардың ойын сапыртып, қиялын қамшылатқаны да даусыз ақиқат.

Оған айғақ – «Ең әділ сайлау». Бұл әңгімеде советтік сайлау саясатының сыр-сықпыты суреттеледі. Соғыстан соңғы сайлау. Аудан орталығынан жырақта жатқан колхоздың екі-үш үйлі фермасында өткен сайлаудың жай-жапсарын тілге тиек еткен әңгімеде заман шындығы көркем кестеленген. Оқиға желісін ширақ тарқатқан автор әңгіме композициясын келісті штрихтармен әдемі әрі нанымды өрнектейді. Сайлау қарсаңындағы әдеттегі абыр-сабыр, дүрбелең, оны бүкілхалықтық мереке деңгейінде үлгілі өткізуге жанын салған Уәкілдің іс-әрекеті, ең ақыры сөйлеген сөзіне дейін, дауыс беруге жиналғандардың қылықтары... бәрі-бәрі қаз-қалпында бедерленген. Бүкіл Кеңес елінің аумағында бертінде дейін өтіп келген сайлау жүйесінің жанды картинасын қаз алдыңа елестетеді. Тіпті, сайлау науқаны кезінде кеңселер мен мектептердің, мал қоралары мен гараждардың маңдайшалары мен дөдегелеріне ілінген қып-қызыл ұрандарына шейін егіз қозыдай. Кәне, тізейік, есіңізге түсер. «Сталин – ол бүгінгі тірі Ленин. Ура!», «Адамзаттың ұлы данышпаны Сталин жасасын!», «Партияның адал ұлы – большевик Бондаренкоға бір ауыздан дауыс берейік!».

Жер жүзінің барлық аш-жалаңаштары, кедей-кепшіктері зарыға, үлкен үмітпен күтетін

– ең әділ сайлаудың қалай өтетінін жаңғыртатын әңгімеде қоғамдағы келеңсіздіктер өткір ажуаланады.

Шалғайдағы фермада өткен сайлауға қыстау-қыстаулардағы қойшы шалдар мен күзетші кемпірлер түгел қатысады. Завферманың тізіміне енгізілген отыз жеті адамның біреуінен басқасы тегіс дауыс береді. Қияндағы қыстауда отырған Жүніс қойшы, яғни озат малшы Жүніс сақылдаған сары аязда, борандатып әуірлімдеп зорға үлгереді, әйтеуір. Көзі қанталаған, шаш ал десе, бас алатын Уәкілдің жүзіне қарауға дәті шыдамаған Жүніс шал кемпірінің қайтыс боп кеткенін де айта алмайды. Өмірлік серігінен қапияда айырылып қалған ол сайлаудың ойдағыдай өтуін ғана ойлайды. Сүріне-қабына жеткен бойда, әр сөзінің арасына «факт» дегенді қыстырып сөйлейтін аудандық Уәкілдің заһарына ұшырайды. Ауыр-ауыр сөз естиді, сайлауды өткізуге іріткі салған деп кінәланады. Өстіп, әбден әуре-сарсаңға түскен Жүніс қойшы дауыс беретін бюллетеньді урнаға салайын деп тұрғанда, белінен бүктетілген көгала қағазды байқамай жыртып алады. Пәле жабысайын десе аяқ астынан. Табанда акт жасалып, іс жоғарыға жөнелтіледі. Әрине, онан кейінгісі әмбеге аян. Қатал жүйенің, қатаң тәртіптің қамыты қатты. Жібермейді де, босатпайды. Әңгіме «Сайлау күні сорға жолыққан Жүніс шалдың жазаға кесілмегенін, қыс түспей-ақ, тергеу бітер-бітпесте кенеттен қайтыс болғанын көп кейін естідім» деп аяқталады. Өкінішті. Аянышты. Саясат құрбаны ма, тағдыр тәлкегі ме? Не деуге болады?

Дөп басып айту қиын-ақ...

Біз сөз қылған әңгімелер шоғыры Мұхтар ағаның ойынша, әдеттегі топтамаға жатпайды, өз алдына жеке әңгімелер жинағын құрауы тиіс көрінеді. Жазылу ретіне қарамай, мазмұндық негізде орналастырылған. Автордың әуелгі байыбы бойынша, жоғарыдағы он үш әңгімеге қоса, тақырыбы тым өткір тағы жеті-сегіз әңгіме жазылуға тиіс екен. Кезінде өз қатарынан кешеуілдеп қалады. Тәуелсіздіктен соң кейбірі қағазға түсіпті: «Қарлағтан хат», «Жүсіптің қызы Светлана», «Қара қағаз келген Салық ағам», «Қасқыр – Бөрі», «Қос Ағаш», «Жаздыгүні шілде болғанда». 1932 жылғы ашаршылық елесі көрінбек соңғы әңгіме кеңейіп, мүлде басқа тарапқа ойысып кетеді, мұның алдындағы екі әңгіме де өзгешерек сыпат табады, тек әуелгі үшеуі ғана «Доңыз жылғы балалық» ауқымында. «Қара қағаз келген Салық ағам» – «Шығырықтан» соң, «Жүсіптің қызы Светлана» мен «Қарлығаш хат» осы ретпен «Әбдіғалпар серіден» соң келсе керек еді. Бірақ Мұхаң «Әр заманның өз әуезі бар» деп, отарлық тәртіп, советтік цензура кезінде өткерілген әңгімелердің арасына тежеусіз сөз еркіндігі тұсында жазылған жаңа лепесті сыналауды мақұл көрмейді. Дұрысы да осы болар. «Тамыздан соңғы әңгімелер» де өз алдына бір әлем, тәуелсіздік жемісі. Ал «Доңыз жылғы балалық» – отарлық замандағы еркін ойдың ескерткіші болса керек. Толықтыру, өңдеусіз-ақ өзгеше үлгі. Бұған осы әңгімелерді оқыған жандардың көзі жете түсеріне бек сенімдімін.

* * *

Әр шығармасына аса жауапкершілікпен қаарйтын, зор мән беріп қана қоймай, ыждағатты сүзгіден өткізетін жазушының әлгінде жол-жөнекей атап кеткен бір топ әңгімелерін кейінірек «Одағай әңгімелер» деген ортақ айдар аясында кездестірдік. Әуелде «Жұлдыз» журналынан, артынша іле-шала «Құмырсқа-қырғын» («Аударма» баспасы, Астана 2004 ж.) және «Тазының өлімі» («Атамұра», Алматы – 2004) кітаптарынан жапырыла оқығанымыз бар. Біз мұны тәптіштеп әдейі айтып отырмыз. Өйткені, өзекті әңгіміміздің арқауы Мұхтар Мағуиннің қаламынан туған әңгімелер төңірегінде болғандықтан желісімізді шоқырақатпай, ой желісін үзбей сабақтағанды нысаналы мақсат еттік. Шебер зергердің көркемдік әлемін байытып, бояу-реңін құбылтып тұрар өзгеше өрнек-өрнекті, яғни Мағуин қолтаңбасын даралар туындыларды оқырмандар есіне түсіргіміз келді.

«Атамұра» кітапханасымен жарық көрген кітаптың андатпасында түйіп айтылыпты: «Қазақтың әйгілі қаламгерінің бұл жинағына жас кезінде жазған, қалың оқырманның хас суреткер ретінде қапысыз танытқан «Тазының өлімі» повесі мен соңғы жылдары көркемсөз өнерінде өзгеше өрнегімен стильдік соны сорап салған «Одағай әңгімелері» топтастырылып отыр. Жинақ қазақтың көркем тілі мен әдебиетін сүйер барша қауымға, кейінгі жас толқынға арналады». Әдеттегі кітаптардың беташарына сүйкей салатын жапсырмаға ұқсамайды. Оны

көзі қарақты кез келген жан аңғарса керек.

Сонымен, әйгілі жазушының әйгілі әңгімелерінің жаңа бір легін тізейікші. Жаңа ғасырдың басында жазылған әңгімелерін автор төмендегіше топтаған: «Қасқыр – Бөрі», «Камикадзе», «Сүркөжек аттың соңғы шабысы», «Қос Ағаш», «Травеннің әңгімесі». Соны серпінмен жазылған тегеурінді туындылар. Бабы келіскен қуатты қалам қашаған бұл әңгімелердің қай-қайсы жөнінде де жан-жақты талдауға тұрады. Әдебиет зерттеуші сыншы ағайындардың еншісіндегі міндетті бұл жолы бөліскіміз келмей, алғашқы екі әңгіменің бастауынан екі абзацты ғана назарға ұсына кеткенді жөн көрдім. Бірі – ұзақтау, екіншісі – тым келте. Күрделі әрі қарапайым. Ұлы қытай ойшылы Конфудзы «Сөз айқын болуға тиіс, әрекет батыл болуға тиіс» деген ғой. Қаламгердің алғашқы сөз саптауынан-ақ талай жайдың сорабын андайсыз. Әрине, сырлы сөздің астарын айырып, құпиясын ажыратуға өреңіз жетсе де. Ендеше, мына жолдарды жіті оқып көріңізші:

«Қазақтың қасқыры – әлбетте, қасқыр емес, шене, құрт кезінде, яғни бағзы заманда әлемдегі ең айбарлы аң болған. Және қандас, тумалас, ең сүйікті аң. Барлық жұрт емес, қазақ – әуелгі қазақ үшін. Арыстаның да, жолбарысың да тең емес. Рас, арыстан – сес пен күш, жолбарыс – еп пен қуат, бірақ шене, құрт – жүрек пен рух. Қайтпас ерлік. Әрі тылсым пыс. Сондықтан да бабамыздың байрағына түсіп, ұранына айналды. Боз құрт, ал шенеден тараған әулет Алтайдан асып, әлемге танылды. Жаяу жүрген жұртқа ат минуті үйретті, жалаңбұт жүрген жұртқа шалбар киюді үйретті. Ұрпағы өсіп-өніп, дүниеге жайыла бастады...»

«Сапта тұрған – түгел қазақ. Бидай өнді, қара көз. Бауырсақ мұрын, жалпақ бет. Түр-тұлға, болмыс-бітісі етене туыс. Менің жүрегім шым ете түсті. Қазір барлығы да...»

«Қасқыр – Бөрі» мен «Камикадзе» әңгімелерінің бастауынан-ақ жампоз жазушының бөлекше қалам сілтесін, ойының тереңдігін көреміз. Қашанда жаңалық ұшқындарын алға тосар қаламгердің оқиға өрбітуге арқау болған батыл әрекетін байқатады. Әңгімелердегі форма өзгешелігі тайға таңба басқандай. Пікірімізді осы жұлгедегі басқа әңгімелер де айғақтай түссе керек. Мезгілдік жағынан іріктелген бұл туындылардың қай-қайсысы да көтерген тақырыбымен, қозғаған мәселесімен, өткір идеясымен іштей өзара үндесіп, қабысып жатқандай әсер етеді. Олар – «Тағдыр жазуы», «Ақыр дүние», «Қуыршақ», «Жоқтау», «Әз-ағаң һәм Әз... әзіл», «Оралу», «Құмырсқа-қырғын».

Мағауинге ғана тән өнер өлшемін жарқыратып сәулелендіре түсетін осы кезеңдегі әңгімелердің ең басты ерекшелігі – ақиқатты бүркемеуі. Шынайылықты көркемдік шеберлікпен өрнектеп, бедерлеуінде. Сондықтан да болар, оқырман қауым Мұханның әр жаңа дүниесін тағатсыздана күтіп, ашқарақтанып оқиды. Жалаң, жадағай мақтау емес, көпірме ода мен жұмсақ көпшікті жаны әсте қаламайтын қаламгер туралы екі ауыз сөз айту қиын. Өршіл де шамшыл, ежелгі ғадетінше қағып тастайды. Көбімізде жоқ тамаша қасиет. Ал, жөнін тауып, қисынын келтіріп, нақты дәйекпен сездірілген сырды сабырмен, жымыяп тыңдайды. Өзім куәгер штрихты қаз-қалпында суреттейін.

...Жаның жәннатта болғыр, марқұм нағашым Төлеуғасым Қайшыбаев көпті көрген, өте сауатты, өнерлі кісі еді. Негізгі мамандығы – есепші-экономист. Ұзақ жылдар шаруашылық басқарған, сұрапыл соғыстың отты жылдарын кешкен майдангер. Ел құрметіне бөленген оны ауыл-аймақтың үлкен-кішісі Жақсы аға атап кеткен. Сексеннің сеңгірінен асқанда табан астынан мерт болды. Жұрттың айтуынша миына қан құйылыпты-мыс. Аудан орталығы Үштөбенің автобекетінде еш алаңсыз жүргенін біраз адам көріпті. Арқалығы бар ұзын орындықта кітап оқып отырғанын, тіпті, әркім-әркіммен қолындағы кітабы төңірегінде ұзақ пікір таластырыпты. Артынша билет кассасының алдында сұлап жатқанда, жиналғандар Жақсыағаның қолтығынан әлгіндегі кітапты байқаған. Мұхтар Мағауиннің – «Құмырсқа-қырғын». Иә, кітапқұмар нағашымының мінезі маған аян. Қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын шемішкедей шағады. «Өз басым Мұхтар Мағауинді сүйіп оқимын, оған жететін жазушың жоқ. Көзі тірі классик. Соңғы кездері жазған «Күмбез», «Подонок», «Құмырсқа-қырғын», «Екеу» деп аталатын дүниелері керемет қой, керемет! Ертеректе жазған «Жүйрік», «Тазының өлімі», «Көкбалақ» хикаялары қазақтың нағыз өмірі ғой. Кешегі Алаш ардақтыларының бүгінгі көзі емес пе?! Алматыға жолым түскенде, өзін іздеп барып жолықсам деймін. Жазушылар одағынан табатын шығармын...» Жыл аралатып

ауылға еңбек демалысына барғанда Жақсығағамның аузынан талай мәрте естіген сөз. Ұдайы немере-шөберелерінің құлағына құйып отырғаны: «Мағауинді оқыңдар, қазақтың қамын жеп, қазақтың болашағын жазып жүрген жалғыз жазушы». Қолында жұлым-жұлымы шыққан Мұхтар аға кітабы. Сүйікті жазушысына ынтыға құлаған, әр шығармасын аузынан тастамай, үнемі насихаттап жүретін нағашымның өшпес бейнесі тағы да көз алдыма келген көлбеңдеп. Бұл жолы өткенді жаңғыртып, сағыныш сазын жеткізген ұлт жазушысына айналған кемеңгер Мағауиннің асыл да, құдіретті мұрасы екені шүбәсіз.

Міне «Құмырсқа-қырғын» жинағын парақтап отырмын. Көзге оттай басылған әңгімелер – «Қылмыс», «Екеу», «Подонок», «Эльза жеңешем», «Ең үздік оқушы», «Бір нәзік сәуле», т.т... Түрлі-түрлі адамдар, қилы-қилы тағдырлар... Жан жадыратар жағдаяттар, оғаш та қиғаш оқиғалар... Күрсіндірген, күйзелткен өмір толқындары... Жанар сүзген сайын, бәрі-бәрі қаздай тізіліп жетіп келеді-ай.

– Шындығында да, осы «Қос Ағаш» жазылғанға дейінгі жазушы Мұхтар Мағауин бір басқа да, «Тамыз әңгімелерінен» кейінгі жазушы Мұхтар Мағауин бір басқа. Мұнда жазушының «Мені» басты кейіпкер дәрежесіне көтерілген, ал негізгі, қосалқы, үстеме, жанама сюжеттер сол «Менге» қызмет етеді. Жазылу мәнері – әр түрлі ырғаққа құрылған, баяндау тәсілі – құбылмалы, әдеби әдістері – алмағайып, алмасып отырады, шендестірулері – ширақ әрі күрделі, тұспалдары – тылсым, емеуіріні – екі-үш мәнге ие, нысанасы – әрі биік, әрі терең, оқиғаға – өзін де, өзгені де араластырып, уақыт пен кеңістіктің желісімен жетектеп, қилы-қилы әсерде қалдырады, – деп жазады әдебиетші-ғалым Тұрсын Жұртбай «Алтын тамыр» журналында. – Сонымен қатар бұрын Мағауиннің прозасында қанық анықталмаған сарказмдық кекесіндердің өзі сюжеттің міндетін атқарып кетеді. Кейде жүрдек жазу мәнері тасырқап барып қайтадан екпін алады. Сағыныш пен өкініштің өзіне де бірде кекесінмен, бірде мысқылмен, бірде жылы жымыяп қарайды. Оқиғаның басталуы, дамуы, көркемдік шешімі, нысаны қат-қабат қатталып, көркем ойдың салмағы сомданып шыға келгенде шапшағын әңгіменің жүгі одан бетер ауыр тартады.

Лирика мен мысқыл араласқан осындай күрделі көркем иірімде тұлғаланған әр қаһарманның әрқайсысына ортақ бір сипат тән. Ол – сол кейіпкер әлемінің қос жарылуы. Яғни, әлгі қаһарман бір оқиғаныңда жазушының өзінің «мені» сияқты әсер қалдырады. Қайыра оқиғаныңда ол мүлдем басқа, антиқаһарман болып шығады. Мысалы «Тревеннің әңгімесіндегі» ажалдың бейнесі, тіпті, «Одағай әңгімелердегі» әр оқиға осылай жинақтала жұмырланған.

Ал «Құмырсқа-қырғын» мен «Қос Ағаш», «Тағдыр жазуы», «Күмбез», «Оралу», «Бір нәзік сәуле», «Ең үздік оқушы» әңгімелерінің тұспалы мен емеуіріні қатпар-қатпар. Бір жақты, бір сезімді, бір түйсікті кейіпкер жоқ. Махаббат пен ғадауаттың ортасында алмағайып күй кешкен тағдырдың жанкештілері жүр. Көркемдік әдіс-тәсіл мен шығармашылық психологиясымен арнайы айналысатын зерттеушіге таптырмайтын тақырыптың өзі.

* * *

Жазушының маңдайын жарқыратқан кезекті шығармалар циклі шартты түрде «Талайсыз әңгімелер» аталады. Өзгеше өріс, тың тыныс тапқан қаламгер шамырқанған шабытпен құлаш сермейді, тегеурінді екпін танытады. Шет елде жазылған туындылар өзінің сүйікті оқырмандары қолдан-қолға тигізбей, іздеп жүріп оқитын мүбәрак жәдігерге айналғаны мәлім. Соңғы бірнеше жылдың мұғдарында Чехияда, Алтын Прага төрінде дүниеге келген Мұхтар Мағауиннің әңгімелері, хикаяттары мен романдары аясындағы сөз де жаңа ыңғайда қозғалары күмәнсіз. Ертеректе, кішкентай кезімізде әдебиеттен сабақ беретін аға-апайларымыз «Бұл шығармаларды шет елде жатып жазған, иә болмаса, шет елде қуғын-сүргінде жүріп жазып еді» деп түсіндіретін кей сабақты. Балаң көңіл – алаңсыз. Ештеңеге жете мән бермеуші ек. Енді міне, алашын, туған халқы мен туған жерін жан-жүрегімен елжірей сүйетін нағыз ұлт ұлының сәулелі сөзімен семіргендейміз.

Жырақта жүрсе де аңсары туған елде, соның өткенін тіріліп, бүгіні мен ертеңіне ерекше елегізі алабұртады. Бұл ойымызды толықтырып, пайымды пікірімізді айғақтай түсетін

Мұхтар ағаның кесекті шығармаларының әрқайсысын жеке-жеке талдауға болар еді. Осынау кезеңнің төлі саналар «Жармақ» романын әдеби қауым бірауыздан «Жаңа өріске шыққан ұлт әдебиетінің үздік үлгісі» деп биік бағалағаны баршаға аян. Әрине, бірімен-бірі өзара өзектес, үндес, тамырлас талайсыз әңгімелердің салмағы зілмауыр, сабағы уытты. Отарлық саясат жаншыған шалажансар, дімкәс рухты қайта тірілту – әр әңгіменің шойын жүгі, жұлын тіні.

Ретті тұста Мұхаңның «Дала мен қала» газетіне берген бір ауыз лебізіне назар аударта кетейік: «Мен саясаткер емеспін – суреткермін. Саясаткер ел ішінде болу керек. Елдің тіршілік қарекетіне белсене араласуға міндетті. Жазушыға ел ішінде отыру шарт емес. Осыдан 60-70 жыл бойы елден жинаған рухани қазына жүрек түбінде жатыр. Енді соны жалғанның жарығына шығарып кетсек... Оны Алматыда отырып жазасың ба, Америкада отырып жазасың ба – мәселе мұнда емес, қаламыңнан туған туындыларың туған еліңе жетіп жатса болғаны...». (29 маусым, 2009 жыл).

Туған елінен кіндік үзбеген қаламгердің жан азабы, жүрек шырылы талайсыз әңгімелерінде мейлінше көрініс тапқан. Темірқазық көзқарасы кез келген тұстан жарқырап шалынады. Ұлттық мүдде, халықтық қалып, елдік мұрат – әр әңгіменің алтын діңгегі. Көркемдік ой көкжиегін кеңейтіп, оқиға мазмұнын тереңдететін кәнігі қалам қуатын автордың толассыз ізденісі мен әдіс-тәсілінен жазбай аңғарасың. Тек Мағауиндік машықтың үйлесімді үйірімін сезесің-ау. Қазақтың өзіне тән болмыс-бітімі, мінез-құлқы, пиғылы мен қам-қарекеті, ең ақыры, ұлттық ділін даралар қасиеттерін М.Мағауин шебер суреттейді. Жазушының сезімталдығы мен байқағыштығы әп-әдемі үндесіп, шешуші штрихтар мен эпизодтардың табиғилығын арттыра түседі. Шығарманың шынайылығын күшейтіп, бояу-бедерінің қанық бола түсуіне ықпал етеді. Демек, көзге ұрып тұрған келеңсіздіктер мен келеңкелі кемшіліктерді оқыс оқиғалар үстінде көрсетудегі авторлық сәтті шешім әңгіменің өткірлігін еселей түссе керек.

Сондықтан да болар, Мағауинде жалаңдық жоқ, жасандылық жоқ, жалғандық жоқ. Өмірдің өзінен ойып алғандай, жаныңа жақын, жүрегіңе жылылық үйіреді. Қаны тамшылап тұрған ақиқаттың бет-пердесін паршалаған, қасіретті тағдырдың абырой-намысын шылпара талқандаған әңгіменің өзін күйзеле оқып, айызың қанып рахаттанасың. Осы орайда әрқилы фабулада орындалған талайсыз әңгімелердің бірде-біреуі бейжай қалдырмайды. Негізінен бұл қағілез қаламгердің айшықты қолтаңбасына тән қалыпты сипат. Оның да жөні бар сықылды. Өз ұлтының өткені мен бүгінін бес саусағындай білетін, өз алашының аңсары мен арманын жүрегімен сезетін, өз қазағының табиғаты мен мінез-құлығын тамыршыдай айыратын Мұхтар Мағауин әңгімелерінің қаны қабындап, ұдайы сес көрсетіп тұратындай. Меніңше, бұл – өте бөлекше қасиет. Рас. Мінезді шығарма ғана жүрекке ұяламақ. Ендеше, жадымызда жатталған әңгімелер шоғырын атауды ұмытпайықшы. Олар – “Менің түрлі түстерім”, “Қара ләйлек”, “Алман Әлекең”, “Түйеші Қамбар”, “Торғынның суреті”, “Балуан Сәбит сері”, “Ұрлық пен қарлық”, “Өлі мен тірі”, “Соңғы сөз”, “Келде мұнара”, “Қы-сы-жы” т.б.

Сүйікті менің оқырманым, әңгіме туралы әңгімеміз ұзаққырап кетті, білемін. Уақысы жоқ. Әділін айтсақ, Мұхтар Мағауиннің әңгімелері жөнінде-ақ сан тараудан тұратын шоң кітап жазуға болар еді. Әбден мүмкін келешекте. Өйткені, кішкентай жанрдың наһан шебері қаламынан туған жүздеген әңгіменің бірде-біреуі сан үшін сүйкете салған дүние емес. Керісінше, келелі толғақты шайқаған сапалы да салқар туындылар. Жалғыз ауыз сөзбен бейнелеп жеткізсек, Мұхтар аға әңгімелерінің тақырып аясын үйшілік түйіткілден – мемлекеттік мәселелерге дейін деп түйген жөн. Демек, ол жазбаған, ол қамтымаған, ол қалам тартпаған тақырып некен-саяқ. Тұрмыстық-әлеуметтік жағдаяттар, толғауы тоқсан тіршілік, елдік-халықтық күрделі проблемалар, адамгершілік асыл қасиеттер, ұлттық жауһар-жәдігерлер, киелі де қасиетті әдет-ғұрыптар, қоғамдық-саяси толғаныстар... Осылайша бұдан әрі бұтарлай берсек, сұңғыла суреткердің назарынан қақас қалмаған, қиығына шалынбаған қалтарыстардың жоғына көзің жете түседі. Тарих толқындары, тәрбие тағылымдары, атакәсіп құпиялары, өркениет өрістері, зиялылар зердесі... Табиғат, экология, ғылым, дін және діл... Бәрі-бәрі... Шетін де, өткір тақырыптардың қай-қайсысын да жеріне жеткізіп, иін қандырып

жазатын оның әр әңгімесі жүректерге ұялап жатса керек. Өз басым бұған бек сенемін.

Шебер шығарма өлмейді, яғни өшпейді. Айтуға жеңіл, жолы ауыр. Ұлы Чехов айтқан ғой: “Бармағыңнан бал тамған шебер болғың келсе, бармақтайыңнан машықтан”. Адамтанығыш қаламгер Мағауинге қарата айтсақ, тіптен жарасып кетердей. Әдебиет тамыршысы В.Белинский өз ойын қарапайым түйіпті: “Көрікті ойды қағаз бетіне олақ түсірсең, көркем шығарманың сәні де, құны да болмайды”. Оқырмандар жанын баураған Мұхтар әңгімелерінің ең басты құндылығының өзі осы – көркемдік ойының тереңдігінде. Бүкіл ғұмырын ала қағазбен байланыстырып, жазуға бағыштаған Мұхтар ағаның рухани әлемі бай. Осы орайда әйгілі норвег драматургі Г.Ибсеннің “Өмірі мазмұнды кісінің творчествосы да мазмұнды” дегені тіл ұшына оралады.

Қандай дәл, қандай дөп. Бір мезгіл ұлылар лебізіне бойлаған да дұрыс-ау. Жақсының жарығын жылтырақсыз жеткізуге әбден болады екен.

Иә, әңгіме сәулеткері Мұхтар Мағауин – Жақсы Жазушы.

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық жазушысы әдебиет табалдырығын «Кешқұрым» әңгімесімен аттаған Мұхтар Мағауин бұл күнде «Шыңғыс хан» эпопеясын аяқтауға жақын. Сәттілік тілейміз.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАДЫРЫ ҚАДІРЛЕГЕН

– Дархан Сапаровты білесіз бе? Қай жақтың жігіті?..

Біраз адамнан сұрастырғам. Ешкім білмейді. Сөйтсе де күдерімді үзгем жоқ. Егемендіктердің бүгінгі буыны мүлдем хабарсыз. «Танымайды екем», «Әңгіме жазады дейсіз бе? Баспасөз беттерінен кездестірмеппін...» Қалайша жазғырарсың. «Егеменге» шаруасымен бас сұққан ескі көз авторлардан да, телефон шалған әріптестерден де сұрауды ұмытқан емеспін. Әзірге дәл дерегін берер біреу-міреудің жолықпағанына қайранмын. Марқұм Сейітқазының жады компьютер еді ғой. Кезінде «Ленжаста» бірге қызмет істеген жылдары Досымов достың бөлекше қасиетіне көзіміз әбден жеткен. Атамзаманғы оқиғаларды, әсіресе ақын-жазушылар мен жергілікті авторлардың кімдер екенін, газетте шыққан материалдарының тақырыбы, жарияланған мерзімін дәл шамалап айтып беретін. Онша көп ауытқымайтын. Есте сақтау қабілеті ғажап-ты! Алаңдап, тыпыршып жүрген бір күні осы жайдың бүге-шігесін отыз жылдан бері қоян-қолтық еңбек етіп келе жатқан Жанболат Аупбаевқа айтқанымда, ол ерекше елеңдей тіл қатқан:

– Бәрі де ыждағаттылыққа, сергектікке байланысты. Бас редакторымыз Сейдахмет Бердіқұловтан бастап, бүкіл ұжымның жігіттері Сейітқазыдан сұрап, со кісінің дерегіне жүгінуші еді. Жақа, мұны неге ойға алып жүрсіз? Жайшылық па?..

– Әрине, тектен-тек емес. Дархан Сапаров деген жігітті іздеп жүрмін. Біздің журналистердің ешқайсы білмейді...

– Мен танымын. Жазушы жігіт. Дархан Сапаров жаңылмасам Қызылорда облысынан болуы керек, – деді Жанболат емен-жарқын қалпын өзгертпей. – «Лениншіл жаста» ұмытпасам «Фараби» атты әңгімесі жарияланғаны есімде. Лездемеде өте жақсы бағаланып, мақталғаны бар. Шығыстың Аристотелі атанған ғұлама бабамыз туралы жаңадан айтыла бастаған кез. Кейін Дархан көрінбей кетті. Әркім-әркімнен сұрастырғанымда, «ұзақ ауырып, қайтыс болды ғой» деген-ді. «Таңғы шықтағы» әңгімесінен хабарым жоқ. Енді індетіп сұрастырып көріңіз. Қызылордаға облыстық газетке, телерадиоға хабарласыңыз. Жерлестері жай-жапсарын айтуы тиіс.

Қуанышым шексіз. Көңілім де орныққандай. Илегеніміз бір терінің пұшпағы болғандықтан, Жанболатпен күніне әлденеше мәрте жүздесіп, сонша мәрте тілдесеміз. Шідерленген ойым мен қиялыма қайта қанат біткендей. Ала қағазға құштарлана тесілгем.

«Ақсақ шал». Дархан Сапаровтың «Таңғы шықтағы» әңгімесі осылай аталады. Шығарма өзегі – ауыл өмірі, қарапайым қыр адамдарының тіршілік-тынысы. Жас жазушы негізгі кейіпкер Бекеннің бойындағы тамаша адамгершілік қасиеттерді өнеге, үлгі тұта отырып, өзгелердің пасықтық, жиіркенішті әдеттерін әшкерелеп, масылдық мінездерін мінейді. Бұл мақсатты қаламгер айғайлап, дабырлатып көрсетпей-ақ, әрекет үстінде, қалыпты жұмыс

барысында шынайы да, нанымды бейнелеу арқылы суреттеуге ұмтылады. Автор кескіндеген бас геройдың әңгіме әлқиссасындағы баяндауынан-ақ, оның жұпыны да, күрделі ішкі әлемі байқалғандай. Кәнеки, төмендегі штрихқа зер салайықшы.

«Қыста колхоз кеңсесін, күзде қырманды күзететін бір ақсақ қария бар еді. Өзі көңілді жүреді. Өткен күндер жайлы қызықты-қызықты әңгіме айтып, жұртты күлдіріп отырады. Дорбиған, ебедейсіз саусағымен (оның үстіне қолының қалтырайтыны бар) ащы махорканы жуан орап, көлеңкеде бұрқырата тартып отырар еді. Кемпірінің қайтыс болғанына үш-төрт жыл өткен. Енді үлкен төрт бөлмелі үй, оның жанындағы жып-жинақы, жемісті бау Бекеннің бір өзіне қарап қалды. Бекеннің бір-ақ баласы бар, ол да армияда. Үлкен шенді офицер. Екі-үш жылда бір-ақ келеді. Оны осы жолға баулып, тәрбиелеген осы Бекеннің өзі болса керек. Көпшілік жұрт, әсіресе өндіріс бригадирі зор мән беріп мақтайтын. «Біздің Бекең адал, еңбекшіл жан ғой. Колхоз мүлкін өз дүниесінен артық күтіп, қадірлейді», – дейтін. Оған кейбіреулер сырт айнала бере мырс-мырс күлетін. «Жаманды жаман десе бөркі қазандай болады. Бұл шалға да соның кері келген ғой. Болмаса бригадир Қалжанның ет бауыры елжіреп барады дейсің бе?..»

Көз алдымызға жүрегіне иман үйірілген бөлекше жанның тұлғасы елестейді. Иә, қателесіп айтып отырғамыз жоқ. Сырттай барлаған адамға назарға іліне бермейтін, кішкентай ұсақ-түйек кейпкер саналатын қарапайым күзетші Бекен образы – нағыз тұлғалық бейне. Өйткені, ол өмірдің ащы-тұщысын толарсақтан кешкен жаны жайсақ жан. Қарақан басынан гөрі қоғам мүлкін, ұжым игілігін жоғары қоятын адал патриот. Өзімшілдік, тоғышарлық, бақайесептік жағымсыз әрекеттерді сүймейтін ары таза үлкен жүректі азамат.

Ағеділ де, аңғал Бекен ақсақалдың аяғынан шалып, қайтсе де бір сүріндіріп қалуды ойлайтын адамдар да бар. Сондай лыпылдақ, ұшып қонған екі жүзді жылпостардың бірі – Қыдырбай шофер. Ата сақалы аузына түссе де ұшқалақ ісімен көрініп қалатын ол қарапайым қылығымен, көпшіл мінезімен ауыл құрметтісі атанған құрдасын сыртынан мысқылдап, кемсітіп, келеке етіп жүреді. Бірақ, Бекен шал мұны елемейді. Өйткені, кекшілдік оған жат. Мінезге бай күзетші өзіне жүктелген міндетті шама-шарқы жеткенше, қолынан келгенше жауапкершілікпен орындауға тырысады. Абыройдан айырылып, ұятқа қалмауды ойлаған ол ел алдындағы беделіне қылаудай дақ түсіріп алмауды ойлайды. Бірде күздің қара суық жаңбыр астында қалған қырмандағы астықты аман сақтап қалу үшін ол жанқиярлық көрсетеді. Жалғыз аяғымен шойнаңдап жүріп бүкіл қырмандағы қызыл дәнді брезентпен, сабанмен әлі келгенше қалқалап шығады. Ылғал өтіп, астық қызып кетіп, рәсуа болмауын жанұшыра қадағалайды. Салқын жауынның астында әбден қалжырап титықтаған Бекенге жәрдем қол ұшын созар пенде табылмайды. Өстіп итсілікпесі шығып, діңкелеп жатқанда, мибатпақты ыңырана тіліп жеткен машинаны көріп қатты қуанады. «Жақсы болды ғой. Қыдырбай жүргізуші екеуміз қалған шаруаны бірдеңе ғып жайғастырамыз». Алайда, үміті ізім-ғайып жоғалған. Жоқ жерден ілік іздеп, шу шығаруға құмар Қыдырбай оқыс қылық көрсетеді. Жазушы осынау текетірес картинаны былайша сипаттайды:

«–Аяғың шолтаңдап, дүниенің кетігін бір өзің толтыратындай екілене бермеші. Алжыған ақсақ! Түсірмесең қой, бидайға орталықтан да ие табылар.

– Жоқ, кетпейсің, Қыдырбай, осынша байлық шашылып жатқанда сен қайда бармақсын, әзілді қой.

– Сен ақмақсын ғой, аяғыңнан айрылып жүргенің де осы ақмақтығыңнан. «Бәкең актив, Бәкең жақсы» дегенге бөркің қазандай болады. Сен ақсақ шал болмаса колхоз мүлкі жиналмай қалар деймісің. Осында бір қарақшы керек болды да, сені әкелді. Соған төбең көкке жетіп жүрсің. Сен кімге дәрісің.

– Неге олай дейсің – деп Бәкең қарсы дау айта беріп еді, Қыдырбай сөзін орта жолдан бөлді.

– Итаршыланба. Ақылыңды шайнап басыңа жақ. Өз дүнием түгел, өзге суға кетсе де жұмысым жоқ.

Қыдырбай зіркілдеп от алып тұрған машинасын кенет жүргізіп жібергенде кабина табалдырығында тұрған Бәкең ұшып кетіп, балшыққа барып оңбай құлады. Оған бұрылып қараған Қыдырбай жоқ, тартып кетті. «Сенің колхозың, сенің астығың, өзің ие бол», деп

кекетіп кетті. Бекеннің қолындағы таяғы да бір жаққа ұшқан екен, әрі-бері іздеп таба алмады. Сау жағына аударылып, қолын тіреп, тұра беріп еді, жылпылдаған саз балшықтан тайып, тағы жығылды».

Оқиға қақтығысы серіппеше керіліп, шиеленісе түседі. Мұны жоғарыдағы шиыршық атқан шамырқаңқы диалогтардан анық аңғарамыз. Характерлер бет-бейнесі де іс-әрекет үстінде айқындала сұлбланады. Кімнің кім екеніне көзің жеткендей боласың. Ертеректе дүлей боранда қалып, аяғын үсітіп алып, семіп қатып қалған жансыз оң аяғын өткір балтамен шаптырып тастағанда, бүйтіп қиналмаған күзетші ақсақ шал қатты қорланады. «Ашу – дұшпан, ақыл – дос». Бәрін сабырға жеңгізеді. «Үйім бар, күйім бар, жағдайым бар. Несіне мазақ боламын. Бәріне қолды сілтеп, кетіп қалмаймын ба?». Өзін-өзі тежейді. Кекшілдікпен ешкімді де жеңе алмайтынын жүрегімен сезеді. Қателеспепті. Көп кешікпей өз кінәсін мойындаған Қыдырбай құрақ ұшып, Бекеннің алдында құрдай жорғалайды. Дәм-тұзын тосып, кешірім сұрайды. Құшақтары айқасқан олар: «Біз бір-бірімізді танымайды екенбіз ғой. Әй, өзіміз де қызықпыз-ау» дей береді.

«Ақсақ шал» – ойлы, тағдырлы әңгіме. Осыдан елу жыл бұрын дүниеге келген шығармадан заман тынысын, уақыт лебін байқайсыз. Үндер өнеге-тәрбиесі де, мегзер мақсат-мүддесі де бар. Талапкер өнерпаздың қалам қарымы образдар сомдаудағы ұмтылысынан анық көрініп тұр. Бас кейіпкердің тұлғасын кескіндеуде жанама бейнелер қосымша қызмет атқарады. Жылт етіп көрінсе де, Күлипа, Қалжан, Жаңбырбайлар өз ерекшеліктерімен бой көрсетеді, есте қалады.

Қаламгер Д. Сапаров ұзақ жылдар баспасөзде еңбек етіпті. Өзін танымасақ та, кездесіп тілдеспесек те ол туралы біраз білетін-дейміз. Университет бітіріп келісімен өзі туып-өскен Шиелі ауданының газетінде аз уақыт жұмыс істеген жас журналист кейінгі бүкіл саналы ғұмырын облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінде өткізіпті. Журналистиканың ыстық-суығында шыңдалған ол көркем әңгімелер жазумен үзбей айналысыпты. Қызылордалық жерлес қаламдастары Оразбек Сәрсенбаев, Тынымбай Нұрмағанбетов, Айжарық Сәдібекұлы, Тиышбек Дайрабаев, Итен Қарымсақов өздері білетін жайлардан там-тұмдап сыр шерткен. Жанболат достың ақылымен облыстық газет пен телерадио журналистеріне хабарласып, көптеген елең еткізер деректерге қанықтық.

Белгілі журналист, ақын Әскербек Рахымбековтің лебізіне құлақ түрелік:

– Дархан ағамен облыстық газетте отыз жылдай жұбымыз жазылмай тер төктік. 1935 жылы Шиелі өңірінде дүниеге келген. Елу жеті жасында бұл фәниден озды ғой. Басына қан құйылып, ұзақ жыл төсек тартып жатты. Аса дарынды, талантты болатын. Киелі сөз өнеріндегі өзіндік дара қолтаңбасын дегдар қаламгер Ұзақ Бағаев жазбай таныған. Бірыңғай творчествомен отырғанда әп-әдемі жазушы деңгейіне көтерілер еді. Сөз жоқ! Газет көп уақытын ұрлады. Соңғы жылдары совет құрылысы бөлімін басқарды. Аты айтып тұрғандай құлшынып істейтін жұмыс емес қой. Мен бүйтіп айтып тұрғаным Дәкең өте ерте көрінген жазушы. Алғашқы дүниесі әйгілі «Таңғы шық» жинағына кірген ҚазМУ-дің журналистика бөлімінде бірге оқып, жатақханада бір бөлмеде жатқан достары, әдебиеттегі үзеңгілес серіктері Жүсіп Қыдыров, Зейнолла Серікқалиев болды. Өле-өлгенше Алматыдағы басқа да достарынан қол үзген емес. Университетті бітірген бойда туған ағасы Айтбай қоғарда-қоймай «елге кел» деп шақырып алды. Қаламының желі бар адамға әдеби ортадан шалғай жүру кері әсерін тигізсе керек. Мінезге де бай. Бірбеткей. Мейлінше адал да, әділ. Жақсы көрген кісісін құдайдай сыйлайтын. Керісінше, біреуді жек көрсе, қасарысып, қатып қалатын. Оның жазғандарын Асқар Тоқмағанбетов, Зейнолла Шүкіров, Қомшабай Сүйінішев секілді сыр елінің танымал тарланбоздары жоғары бағалаушы еді. Ал қазақтың дарабоз ақыны Қадыр Мырза Әлиі оны төбесіне көтеріп, айрықша қастерлейтінін 1976 жылы ең алғаш көріп, қатты таңғалғанмын. Дәкеңді үйіне қонаққа шақырып, асты-үстіне түсіп бәйек болғанына куәгермін: «Дархан Сапаров – менің ең бірінші редакторым. Тұңғыш өлеңдерімді қабырға газетінің редакторы ретінде, сәт сапар тілеп алғаш жариялаған. Бүкіл университетке танытқан, студент кезімде соңымнан қалмай жүріп, жаңадан туған жырларымды сын көзбен оқып, дұрыс бағыт-бағдар

сілтеген Дарханның жақсылығын ешқашан ұмытпаймын. Өзі де, сөзі де жақсы жазушы...»
Сирек сыйластық, сирек баға.

Қазақтың Қадыры қадірлеген қаламгер бұрқыратып кітаптарын шығара алмады. Әлгінде айтқандай түрлі-түрлі себептері бар. «Өкпек жел» әңгімелер жинағы, «Ұлбала» деректі хикаяты, Әбу Наср Әл-Фараби хақындағы әңгімелер шоғыры «Өткен күн іздері» кітап боп шықты. Жақын туыс ағасы атақты «Мың бір түнді» аударған Қалмақан Әбдіқадыровтың ақыл-кеңесі мен өнеге тәлімін көкірегіне құйып, үлкен сабақ алған аяулы ағаның жазсам деген ойлары көп еді. Алайда, арманына толықтай қолы жетпеді. Қуаныштысы, соңында мәуелі әулеті бар. Ол төрт ұл, төрт қыз тәрбиелеп ұшырған үлкен әке...

Қазақтың Қадыры қадірлеген қаламгер бейнесі ұрпақтар жадында әрдайым жарқырай беретіні даусыз.